

Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округінің "Жыланды" қыстағына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 тамызда № 4117 болып тіркелді. Күші жойылды-Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі № 12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды-Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 01.09.2022 № 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2015 жылғы 26 маусымдағы № 404 ұсынысы негізінде, Құмкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тарбағатай ауданының Құмкөл ауылдық округінің "Жыланды" қыстағында қой малынан құтырық ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шарасы белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысына (Б. Қажыкенов) тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу ұсынылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Құмкөл ауылдық округінің әкімі

Т. Көнекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау

Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы"

Б. Қажыкенов

мемлекеттік мекемесі басшысы

"17" шілде 2015 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК